



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ БАНКІ  
№ 16 Б А С П А С Ө З Р Е Л И З І  
2 0 0 5 ж ы л ғ ы 3 м а м ы р**

**Халықаралық резервтер және  
ақша базасы туралы**

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің халықаралық резервтері (Ұлттық Қордың ақшасын ескермей) және ақша базасы 2005 жылғы сәуірдің аяғында мынадай болды:

	Ағымдағы бағамен	Тұрақты бағамен*
<b>Таза халықаралық резервтер, млн.долл.</b>	<b>8 709,0</b>	<b>8 718,0</b>
оның ішінде		
ЕАВ таза активтер**	7 900,6	7 900,6
Алтын	808,4	817,4
<b>Ақша базасы, млрд. теге</b>	<b>547,7</b>	<b>547,7</b>
КЗТ/USD (кезең аяғында)	131,77	130,00
Алтынның бағасы (1 трой унциясы үшін USD-мен)	433,20	438,00

\* 2004 жылдың аяғындағы теңгенің АҚШ долларына бағамы және алтынның бағасы көрсетілген

\*\* ЕАВ-мен таза активтер – бұл ЕАВ-ғы жалпы активтер мен міндеттемелер арасындағы айырмашылық

2005 жылғы сәуірде Ұлттық Банктің халықаралық резервтері азайды.

Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтерінің ағымдағы бағасы 6,0%-ға (немесе 558,3 млн. долл.) төмендеді. Қаржы министрлігінің сыртқы борышына қызмет көрсету, Ұлттық қордың активтерін толықтыру ішкі валюта рыногында валюта сатып алу және Ұлттық Банктегі Үкіметтің шоттарына шетел валютасының түсуімен ішінара бейтараптандырылды. Нәтижесінде таза валюта қорлары (ЕАВ) 572,8 млн. долларға төмендеді. Алтынмен активтер жүргізілген операциялар және оның әлемдік рыноктардағы бағасының 1,3%-ға ұлғаюы нәтижесінде 14,5 млн. долларға көбейді.

Тұрақты бағамен Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері 6,1%-ға, ЕАВ-мен таза активтер – 6,8%-ға төмендеді, алтынмен активтер 0,5%-ға көбейді.

Елдің халықаралық резервтері жалпы алғанда (ағымдағы бағамен) яғни, Ұлттық Қордың ақшасын (алдын-ала деректер бойынша – 5 170,8 млн. долл.) қоса алғанда 13 882,6 млн. долл. болды. Өткен айға төмендеуі 3,8 % болды.

2005 жылғы сәуірде Ұлттық Банктің таза ішкі активтерінің көбеюі ақша базасының 0,3%-ға (немесе 1,6 млрд. теңгеге) 547,7 млрд. теңгеге дейін кеңеюіне себепші болды.